

Ж.А.Қарсыбаева

*Шет тілдер колледжі, Қарағанды*

## Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдері

Мақала Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық әйелдерге арналған. Олардың ауыл шаруашылығындағы және республикалық өндірістегі еңбектері, соғыс аренасындағы батырлық ерліктері аталып өткен. Осы тақырыпқа байланысты кеңес және отандық тарихнамада орын алған кейбір еңбектерге тарихнамалық шолу жасалған.

*Кілтті сөздер:* Ұлы Отан соғысы, Қазақстан, қазақстандық әйелдер, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, тыл еңбеккерлері, отандық тарихнама, Кеңестік тарихшылар, тарихнамалық шолу, тарихнамалық зерттеулер.

Ұлы Отан соғысы адамзат тарихында болған соғыстардың ішінде ең қасіреттісі болып отыр. Ұлы Жеңіс бізге орасан зор адам құрбандықтарымен келді. Бұл соғыста Кеңес үкіметі 27 миллион адамынан айрылып, 1710 қала мен 70 мыңға жуық ауыл мен деревнялары жойылып, 32 мың өндіріс орны, мыңдаған колхоз-совхоздары қиратылды, халық шаруашылығы ауыр зардап шекті. Қазақстандықтар соғыс басталған батыс шекара майданынан бастап Тынық мұхиттағы милитаристік Жапонияны талқандау мақсатындағы шайқастарда да болды. Соғысқа 1 196 164 жерлестеріміз аттанған екен, еңбек армиясында 700 000 қазақстандық, 4 атты әскер, 12 дивизия, 50 түрлі полктер болған. Сонда жіберілген адам ресурсының өзі 60 пайызды құраған [1]. Сонымен қатар бұл соғысқа ерлермен бірге әйелдер де нәзік табиғатына қарамастан, қолына қару алып, Отан қорғау ісіне белсене араласқаны белгілі. Соғыс жылдары Қазақстанның майдан арсеналына айналып, соғысушы әскерді азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ, күш-көлікпен қамтамасыз етуі де халық шаруашылығында жұмыс істейтін әйелдердің, балалардың, қарттардың ерен еңбегінің арқасы екені аян. Бұл мәселе талай тарихи арнайы зерттеулерде айтылып, әлі күнге дейін өз маңызын жоя қойған жоқ. Енді соғыс жылдарындағы әйелдер мәселесінің тарихнамада қарастырылуына қысқаша тоқталып өтелік.

Соғыстан кейінгі жылдары кейбір жекелеген еңбектердегі әйелдердің тылдағы еңбегі, соғыс қимылдарына қатысуы жалпылама қарастырылды. Соғыс жылдарында тарихи публицистикалық мақалалар көптеп жазылды, олар «Ұлы Отан соғысы тұсындағы Қазақстан әйелдері» тақырыбы бойынша фактологиялық материалдардың жинақталуына мүмкіндік берді. Бұл тақырып соғыстан кейінгі жылдары өз жалғасын тапты.

50–60-жылдардағы А. Бисенованың «Қазақстан әйелдерінің медиктік-әлеуметтік көмегі», Г. Нұрбекованың «Қазақстан әйелдері Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты монографиялық еңбектерінде және де Р.Д. Ходжаева, И.В. Захарова, Х.Г. Сейітқазиева, Х. Айдарова, К. Садуақасова, Г. Майлыбаева, Л.А. Николаева, А.Д. Әжибаева, М. Қозғамбаева, Г.К. Сатыбекова еңбектерінде түрлі аспектіде қарастырылды. Сонымен қатар С.С. Қарпықова, Г.Д. Нұрбекова, Г.Б. Бырбаева, Ә. Сегізбаев, К. Садуақасова, Г.К. Сатыбекова және басқаларының кандидаттық диссертацияларында бұл тақырып жан-жақты талданды.

Г.Б. Бырбаева «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдері» атты еңбегінде Ұлы Отан соғысы тарихы бойынша жалпыодақтық еңбектерде дамушы кеңестік тарихнаманың басым тенденциялары анықталғанын жазады, онда соғысқа қатысқан әйелдер туралы еңбектер де атап көрсетілген. Олардың арасында М.С. Ефремованың елдің өндірісі мен ауыл шаруашылығында әйелдердің еңбегі туралы жазылған әдебиеттерді жүйелеп, талдаған алғашқы мақаласын баса көрсетеді. Тылдағы әйелдердің еңбегі мәселесі әлеуметтік, саяси тұрғыда кәсіби түрде зерттелген М.С. Зеничтің еңбегін, В.С. Мурманцеваның мақаласын, батыс герман тарихнамашысы ретінде танымал зерттеушілер А.Н. және Л.А. Мерцаловтарды атайды. Сонымен қатар әйелдер мәселесіне қатысты кеңестік дәуір мен ТМД бойынша алғашқы қорғалған докторлық диссертацияны — Д.А. Алимованың «Женский вопрос в советской историографии Средней Азии (20-80-е годы XX века)» еңбегін ерекше көрсетеді [2; 9].

Автор берілген тақырып бойынша қазақстандық тарихи әдебиеттерді келесі түрлерге бөледі:

1. Тарих ғылымының тарихы туралы еңбектер тарихнамалық үрдістің жалпы даму суретін береді. Оған ұжымдық монографияны «Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960). Очерки становления и развития» жатқызады.
2. Ұлы Отан соғысы кезеңінің тарихнамасы бойынша басылымдар — А.Н.Нүсіпбеков, С.Н.Покровский, М.Қ.Қозыбаев, Т.Б.Балақаев, П.С.Белан, К.С.Алдажұмановты атап өтеді. Олар Қазақстан тарихы бойынша бағалар мен қорытындылар жасаған.
3. Ұлы Отан соғысына Қазақстандағы әйелдердің қатысуының тарихнамасы бойынша отандық басылымдар: Г.Д.Нұрбекованың, Ә.Сегізбаевтың диссертацияларын жатқызады. Бұл жұмыстармен мәселенің қазақстандық тарихнамасы бекітіледі [2; 18]. Бұл ғылыми зерттеу тарихнамалық зерттеудің қатаң талаптарына жауап бере алады, оған Ұлы Отан соғысы тарихы бойынша тарихи әдебиеттердегі негіздік талдау тән, ондағы әйел мәселесін бөліп көрсете отырып, ең қызықтысы, Қазақстанға депортацияланған халықтардың әйелдерінің жағдайын «Әйел және соғыс» тақырыбы шеңберіндегі немістік тарихнаманы талдауын жалпылама қарастырады.

Тарих ғылымдарының кандидаты С.С.Қарпықова «Қазақстан әйелдері: тарихнамалық мәселелері (XX ғасырдың 20–80-жылдары)» тақырыбында жазған кандидаттық диссертациясында XX ғасырдың 20-жылдарының басынан 50-жылдардың ортасына дейін Қазақстандағы әйелдер жағдайы туралы тақырыптың тарихнамалық аспектісі тиісті деңгейде қарастырылмағандығын атап өтеді [3]. Автордың көрсетуінше, бұл жылдары деректанулық базаның кеңеюінен, түрлі зерттеулердің жинақталуына қол жеткізуден, сонымен қатар жоғары кәсіби тарихшылардың қалыптасуы есебінен, көрінген мәселелерді ішкі қалыптастыру үрдісі жүрді. Осының негізінде 50-жылдардың ортасынан әйелдер мәселесін тарихнамалық тұрғыдан қарастыру басталған.

Автордың бұл ойымен біз де келісеміз, шындығында да, Қазақстанда әйелдер мәселесі, әйел теңдігі, қоғамда алатын орны туралы мәселелер ғасыр басында тек ақын-жазушылардың шығармаларында көтеріліп, әдебиеттанушылардың басты назарында болса, әдеби тұрғыдан қарастырылса, сонымен қатар қазақстандық тарих ғылымының қалыптаса бастаған кезеңінде тарихнамалық тұрғыдан қарастыру мүмкіндігі бола қоймады.

Отандық тарихнамада берілген тақырып бойынша өзіндік орны бар келесі бір зерттеушінің еңбегіне тоқталсақ. А.Д. Қожабекова «Кенес өкіметінің әйелдерді қоғамдық-саяси қызметке тарту тәжірибесі: нақтылы тарихи зерттеу (Қазақстан мысалында. 1917-1990 жылдар)» атты тақырыпта 2002 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясында жоғарыда аталған кезеңде соғыс жылдарындағы әйелдердің ерлікке толы еңбектері туралы көптеген еңбектердің жарық көргенін айта келіп, оларға қысқаша тарихнамалық шолу жасайды. Алғашқы болып жарық көрген М.С. Ефремованың «К вопросу об освещении в советской исторической литературе трудового подвига женщин в годы Великой Отечественной войны» атты мақаласын атап өтеді. Сонымен қатар М.С. Зеничтің «Изучение трудовой деятельности женщин в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.)», «Изучение социальной политики Коммунистической партии советского государства в период Великой Отечественной войны» деген мақалаларына және басқа да зерттеушілердің еңбектеріне тоқталып, талдау жасап, тұжырымды ойлар айтады. Колхозшы әйелдердің еңбектегі ерлігі, соғыс кезіндегі партиялық-саяси жұмыстарға әйелдердің белсенді қатысуын сипаттайтын көлемді жұмыстардың қатарында Т.Б. Балақаевтың, Ю.В. Арутюнның, Г. Әбішевтің еңбектерін көрсете келіп, тарихнамалық еңбектерде қазақ қыздарының азаматтық қорғаныс жылдарындағы ерлігі туралы айтарлықтай еңбектердің жоқтығын айтып өтеді [4; 3]. Жалпы автор берілген тақырып бойынша жарық көрген еңбектерге жүйелі түрде тоқтала отырып, пайымды қорытындылар жасайды.

Майдандағы қыздардың ерлігі туралы мәселеге келсек, фашизмге қарсы күресте флот пен соғысушы майданға қызмет ету өтініші туралы сұраныстарда әйелдер ерлерден кем түспеген. Бұған дәлел соғыстың алғашқы күнінде Алматы қаласы Фрунзе ауданының әскери комиссариатына 112 қыз майданға сұранып арыз жазған, ал Қарағанды облысының тұрғындарынан 1941 жылы түскен 25 мыңнан астам майданға жіберу туралы өтініштің 10 мыңнан астамы әйелдерден болған [5]. Көптеген жауынгер әйелдердің 1941 жылдың өзінде-ақ әскерге баруға қол жеткізгені белгілі. Олардың көпшілігі соғыстың алдындағы жылдарда әскери мамандықты меңгерген әйелдер болды, атап айтсақ, соғысқа дейін ерікті қоғамдарда дайындықтан өткендер: ұшқыштар А.А. Тимофеева, Р.Е. Аронова, Е.А. Жигуленко, мергендер Н.В. Ковшова, М.С. Поливанова, Л.И.Павличенко, пулеметшілер М.Ж. Мәметова, Н.А. Опилова, медбикелер В.С.Кошечева, Г.К. Петрова, З.М. Түсболатова және басқалары. КСРО

бойынша Ұлы Отан соғысы жылдарында медициналық қызметкерлердің еңбегі ерекше маңызды болды, олардың арасында орден-медальдармен марапатталғандардың 40 мыңға жуығы әйелдер болды. Жалпы кеңес елі бойынша әйелдердің әскерге жұмылдырылуы екі рет жүргізілген: біріншіде — 1942 жыл сәуір — 1945 мамыр аралығында, бұнда әскерге 300 мыңға дейін әйелдер алынған. Екінші рет — 1942 жыл қазанда Мемлекеттік қорғаныс комитетінің шешімі бойынша жаяу әскер қатарына әйелдерді жұмылдыру [6].

Ұлы Отан соғысы жылдары барша халықпен қатар қазақ қыздары да жеңіс жолына жан тігіп, бар күшімен күресе білді. Соғыстың алғашқы күнінен бастап олар өз еріктерімен майданға аттанды, олардың алды жиырмадан асса, көпшілігі 17–19 жаста ғана болатын. Мұрағат құжаттарында қыз-келіншектердің өз еркімен майданға сұранған өтініштері сақталған, ал олардың мазмұны жан тебіренерлік патриоттық сезімдерге толы. Мысалы, қазақ халқының тамаша, ер жүрек, батыр қыздарының бірі Мәншүк Мәметова өз еркімен майданға аттану туралы жазған өтінішінде былай деген: «Мое место там, где идут бои с врагом, я хочу собственными руками защищать свободу своего народа», сонымен қоса «Ағам да жоқ, апам да жоқ, сондықтан өзімді майданға жіберуді өтінемін» деген екен. Оның бұл өтініші 1942 жылы орындалып, 100-атқыштар бригадасымен Алматыдан майданға аттанады. Ол бірден пулеметтен аруды үйренеді. Көп ұзамай оны атқыштар бөліміне ауыстырып, аға сержант атағын алады. Кейін Ленинград–Псков (Невель) бағытындағы шайқастарда көрсеткен асқан ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы 1 наурыз 1944 жылы қаза болған соң берілді [4; 52].

Қазақтың келесі батыр қыздарының бірі — Хиуаз Доспанова. Қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш қызы 300-ден астам рет ұрысқа шығып, фашистердің әскери нысандарын әлденеше рет талқандаған. Хиуаз апа жас кезінен ұшқыш болсам деп армандаған. Соғыс басталмай тұрып Мәскеу қаласының Жуковский атындағы Ұшқыштар академиясында оқып жүрген болатын. Соғыс басталған соң, Марина Раскова құрған ұшқыш қыздар полкінің қатарына енеді. Майданда Хиуаз Доспанова 10 рет басынан жарақат алып, қолы мен аяғы бірнеше мәрте сынып, 4 рет аса ауыр жарақат алып жатса да, соның барлығына төзе білген. Соғыстан аман-есен оралған ол қазірде Алматы қаласында тұрып жатыр. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы 2004 жылы Хиуаз Доспановаға ең жоғарғы «Халық қаһарманы» атағын берді. Хиуаз апамыз тәуелсіз елдің тұңғыш қаһарман қызы болды.

Келесі қазағымыздың қаһарман қыздарының бірі — ол, әрине, Әлия Молдағұлова. Ақтөбе қаласының баурайында туып өскен, әке-шешесінен ерте айырылған Әлия ағасының тәрбиесінде болады. Кейін ол Ленинградқа ағасымен көшіп кетеді, сонда интернат үйінде тәрбиеленеді. Соғыс басталған соң, өз еркімен соғысқа аттанған қыздардың бірі болды. Соғыста мерген болған ол Ленинградты азат етуге жаудың бораған оғына қарамай, бәрінен бұрын қыстаққа кіріп бірнеше жаудың көзін жойған. 20 жасқа толмаған қыршын қыз, жау оғынан қаза табады [4; 54]. Кейін ерлігі үшін «Халық қаһарманы» атағын алады. Бүгінде қаһарман қыздың құрметіне әр қалаларда көшелерге оның есімі беріліп, мектептер ашылды.

Сонымен қатар соғысқа өз еркімен аттанған тағы қаракөз қазақтың батыр қызы — Рахила Ералина. Ол Қарағанды қаласының Жанаарқа атты елді мекенінен. Жайық бойындағы қалаларының бірінде Рахила апай әуеден жау объектілерін суретке түсіріп алу үшін топограф оқуын оқып жүріп, парашютпен түсуді де үйренді. Мылтықтың нешеме түрлерімен де таныс болды. Бірнеше тапсырмаларды орындап жүріп снаряд, бомба дауыстарына да үйренді. Өзіне берілген жұмыстардың бірінде жаудың қолынан өте ауыр жарақат алып, 6 ай шамасындай емделіп, 1943 жылдың қысында елге қайтарылды. Өзінің көрсеткен ерліктері үшін медальдармен марапатталды.

Қазақстандық қыздар қан майданда басқа ұлт өкілдерімен бірге табандылық пен ерлік көрсете білді. Мысалы, Мәскеу түбіндегі шайқаста қаһарман 316-атқыштар дивизиясының (8-гвардиялық) қатарында И.В. Панфиловтың қызы Валентина Панфилова, Алматы темекі фабрикасының стахановшысы Зоя Медведева сияқты қыздар да болды. Соғыс жылдары жауды жеңуге өз үлесін қосқан ер жүрек қазақ қыздары біршама, солардың бірі Алтыншаш Нұрғазина — батальон комсоргы, жаяу әскер, Польшада 19 жасында қаза тапқан, «Кеңес Одағының Батыры» атағына ұсынылғанымен, И.В. Сталин бергізбеген. Сонымен қатар соғыста барлаушы болған, «Даңқ» орденінің үш мәрте иегері Мүслима Дайрабаеваны, «Зенит» зеңбірегі командирі Әклима Ақжолованы айтуға болады. Қазақ қыздары ерлермен бірдей қан майданда түрлі әскери мамандықты меңгеріп, соғысқан, атап айтсақ: танкистер Жамал Байтасова, Күлкен Тоқбергенова, Гүлжәмилә Талқанбаева, Зәуреш Төлебаева; байланысшылар Бикен Сәдуақасова, Фазиля Темірәлиева, Тотия Тойбазарова,

Захима Науышева, Шагила Құсанова, Зия Досбергенова, Ағипа Кенжеғалиева; барлаушы-топографтар Рахима Есмағанбетова, Рахила Ералина; пулеметші Гүлжәмілә Бейсенбаева; радистерден Орынкеш Мысырова, Шәкір Ботақанова; мергендерден Мәлике Тоқтамысова, Фатима Мұхаметова; паровоз машинисті Үміт Толқыбаева; тілшілер Айша Сыйқымбаева, Қантай Елубаева, Қалима Өзбеханова, Ира Оразбаева, Тәжігүл Асанова; ұшқыштар Рымкен Мақымбекова, Дәмелі Жәкеева (Қарағандыдан), Хиуаз Доспанова (Алматыдан); дәрігерлер Мархабат Түкібаева, Рәпия Мақашева, Гүлімжан Қасыбекова, Ира Тілешбаева; жаяу әскер Алтын Мұхаметжанова; бортмеханик Мәдина Ысқақова, самолет жөндеуші Қазима Нұртазина; әріп теруші Зәбира Айтхожина болып соғысқа қатысқан [4; 56]. Олардан басқа аты аталмаған қаншама қазақстандық қыздар да бар, олардың ерлігін ұрпаққа өнеге ету болашақтағы тарихшы-зерттеушілердің еншісінде деп ойлаймыз.

Майдан қажетін қанағаттандыру үшін қалалардың, колхоздық ауылдар мен деревнялардың барлық қажетті материалдық және адами ресурстары жұмылдырылды. Қазақстанның партиялық және кеңестік органдары БК(б)П ОК мен КСРО үкіметі көрсетіп берген әскери шаруашылық міндеттерді сәтті шешу мақсатында еңбекшілердің өндірістік және саяси белсенділіктерін дамытуда өз міндеттерін көрді. Майданға және қорғаныс кәсіпорындарындағы жұмысқа ауылдық жерлердегі еңбекке қабілеттілердің көп бөлігінің кетуі, соның ішінде механизаторлық мамандардың аз жұмыс күшімен және пайдалану мерзімінен асып кеткен тракторлар мен комбайндардың паркінің болуы, бейбіт өмірге қарағанда жұмыстың үлкен көлемін орындай алуды көздеген колхоз өндірісіндегі еңбекті ұйымдастыруды талап етті. Коммунистік партия және кеңес үкіметі аз уақыт ішінде соғыс жағдайында әйелдерді, сонымен қатар жасөспірімдерді, қарттарды еңбекке тарту арқылы саяси және еңбектегі белсенді мамандардың жетіспеушілік мәселесін шешіп берді. Халқының саны жағынан Қазақ КСР соғысқа дейінгі кезеңде одақ бойынша бесінші орында болса, 1941 жылдың қаңтарындағы колхозшылардың жалпы саны 1350,1 мың адамды құраған. Сонымен қатар колхоз өндірісінде 1084,1 мың адам қатысқан: 506,9 мыңы ер адамдар және 577,2 мыңы әйел адамдар болған [7; 103]. Бұдан байқағанымыз, колхоз өндірісінде әйелдердің еңбегінің үлес салмағы басым болған.

Ұлы Отан соғысы кезінде еңбекші халық майданға көмектесудің жаңа жолдарын іздеп, жеңіске тез жетуді ойлағаны белгілі. Барша халықпен қатар Қазақстан әйелдері де жеңіс жолына жан тігіп, бар күшімен тылда еңбек етті. Ер-азаматтар майданға аттанғанда, тылдағы өмірдің бар ауыртпалығы әйелдер мен балалардың мойнына түсті. Әйелдер шаруашылықтың барлық саласында ер адамдардың орнын басты. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап олар қорғаныс қорына өз табыстарының жартысын жіберіп отырды, үй шаруасындағы әйелдер алтын әшекейлеріне дейін берді, жинақтағы ақшаларын, Мемлекеттік займдағы облигацияларын, жылы киімдер, майдандағы әскерлерге сыйлықтар жинап, олармен хат жазысып тұрды, майданға көмек мақсатымен жексенбіліктер ұйымдастырды. 1941 ж. «Казakhstanская правда» газеті тылдағы әйелдердің үлесін жиі-жиі жазып, хабарлап тұрды. Мысалы, Семей ет комбинатының жұмысшысы Бармашова қорғаныс қорына Мемлекеттік займ облигациясындағы 10 790 рубль және 2 мың рубльді жеке құйған. Шымкент теміржол мектебінің мұғалімі Чеканова қорғаныс қорына екі алтын сақинасы мен күміс заттарын берген. Трензелева деген мұғалім Мемлекеттік банкке алтын заттары және 500 рубль облигация салған. Семей облысының «Көкжартас» артелінің колхозшысы Айдарханова үш пар күміс заттарын, екі білезік, ескі күміс теңгелерін берген. Жалпы Қазақстанның түкпір-түкпірінен осындай жәрдем келіп, қорғаныс қорын құруға әйелдер де белсене араласқан. № 1 Алматы тігін фабрикасының тігіншілері өздерінің жексенбілікте тапқан 6 мың рубль ақшаларын қорғаныс қорына берген. 1941–1944 жж. қорғаныс қорына республика тұрғындарынан түскен ақша 723 млн. теңгені құраған [4; 63].

Қарағанды шахтерлерінің жұбайлары да майданға үлкен көмек көрсетті. Мысалы, № 1 шахтаның коммунист үгітшісі Тұрғымбекова шахтерлердің пәтерлеріне барып, үйде отырған әйелдерімен әңгіме өткізген. Бір күн ішінде ол үй шаруасында отырған белсенді әйел Иманбаевамен бірге 100-ден аса зат жинаған. Тау-кен жұмысшыларының әйелдері ішінде де белсенді жұмыстар жүргізілді. Мұндағы партия ұйымы 4 үгіт бригадасын құрып, оны Тұрғымбекова, Майжақанова, Жылқыбеков, Жақыпов сияқты коммунистер басқарды. 3 күн ішінде үгіт бригадасы 300 жылы киімдер өткізген. Соғыс жылдары «Сен майданға немен көмектестің?» деген плакаттар ілінген. Шын мәнісінде бәрі де көмектесті. Жігіттер майданға кетсе, қыздар тылда жұмыс істеді. 1941 ж. қазанда Шығыс Қазақстан облысы Киров ауданында 4200 колхозшы әйелдер жылы байпақтар мен қолғаптар тоқыса, Жамбыл облысында 300 шолақ тон, 1200 сыңар пима, мыңдаған бас киімдер дайындалды. Жүн өңдейтін 11 шеберхана ашылған, шолақ тон тігетін 80 ерікті үйірме ашылды. «Кеңес» колхозында бір түннің ішінде әйелдер жауынгерлерге 50 пар ішкіім тіккен. Колхозшы әйелдер Надырова, Мусалимова,

Мамудаева, тағы басқалар Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының «Азат» ауыл шаруашылық артелінің әйелдері парткомға тігін машиналарын әкеліп, 96 ерлер көйлегін, ақ жаймалар, жастық тыстарын тіккен [4; 82].

Соғыс жылдарында әйелдер өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы жұмыстарды атқарды. 1943 ж. 62 әйел селолық-ауылдық Кеңестерді басқарса, 28-і колхоз төрайымы, 138-і бригадир болды. 455 әйел мал шаруашылығында, 1377 трактор жүргізушісі, 350 әйел комбайншы болып жұмыс істеді. Мысалы, Ақтөбе облысы бойынша Ойыл ауданы Ақжанай Қаракенова, «Жақсыкөл» колхозында Мұғалжар ауданында Дәмеш Хасенова аға шопан болса, Ақбала Назарова «Жақсымайдың» мұнайын игеруге қатысты, Ұзипа Сатқанғалиева Байғанин ауданының қой фермасын басқарған. Соғыс жылдарында астықты да әйелдер, балалар, қарттар жинады. Осы бір ауыртпалық жылдары әйгілі тары өсіруші Ш. Берсиевтің бригадасы да негізінен әйел адамдардан тұрды. Звено жетекшілері З. Баймолдина, Н. Есмұқанова, Адаевалар ұстазының ісін одан әрі жалғастырды.

1941–1943 жж. ферроқорытпа қажет болып, Қазақстандағы қара металлургияның тұңғышы — Ақтөбе ферроқорытпа зауыты жедел салынып, онда күн-түн демей қыз-келіншектер еңбек етті. Ал Ақтөбе химия комбинатында түрлі ауыр жұмыстарда 295 әйел, паровоз депосында 300-ден аса әйел жұмыс істеген. 1942 ж. механизаторлық курста оқыған 3913 ақтөбелік механизатордың 3113-і әйел адам болған. Шабықова Балсары тұңғыш механизатор атанды. Өндіріс пен темір жол саласында барлығы 8 мыңнан астам әйел еңбек етті. Жадыра Ысқақова, Ақын Дарқанбаеваның темір жол саласындағы еңбегі елге үлгі болды.

Сонымен бірге «Қарағанды шахтері», «Қазақстан металлургия», «Қазақстан мұнайшысы», «Совхоз қызметшісі», «Қазақстан құрылысшысы», «Түркісібіші» деген танк колонналарына, «Қазақстан комсомолы», «Қазақстан пионері» авиаэскадрильясына, «Кеңестік Қазақстан» авиақұрамасына қаржы жинау кең етек алды.

Өндіріс пен темір жол саласында барлығы 8 мыңнан астам әйел еңбек етті. Жадыра Ысқақова, Ақын Дарқанбаеваның темір жол саласындағы еңбегі елге үлгі болды. Соғыс кезінде жұмысшы қолы жетіспегендіктен, металл балқыту пештерінде, зауыттарда әйелдер жұмыс істеді. 332 әйел қысқа мерзім ішінде металлург мамандығын игеріп алады. Ток пешін басқару жұмысында 47 қыз-келіншек жұмыс істесе, 80 аса әйел балқытушы және ток жөндеуші жұмыстарын істеген [7; 105].

Соғыс жылдарында Қазақстан аумағында госпитальдар да жұмыс істеді. Колхоздар оларды қамқорлыққа алды, азық-түлікпен қамтамасыз етті. Жаралыларға көмек ретінде қосалқы шаруашылық бөлініп, әскери госпитальдар азық-түлік және киім, төсек-орынмен де қамтамасыз етті. Жаралы және сырқат жауынгерлерге әйелдер өз еріктерімен қан тапсыратындарын айтып, өтініштер жазған. Сөйтіп, 615 донор әйел артығымен қан тапсырған, олардың ішінде Е.С. Луговская, Т.Р. Рудич «Кеңес Одағының Құрметті доноры» деген атақ ие болды. Арнайы комиссия ұйымдастырылып, үй шаруасындағы әйелдер қарауына жаралылар бөлініп берілді. Әйелдер көркемөнерпаздар үйірмелерін ұйымдастырып, жаралы жауынгерлерге концерт қойып, сенбіліктер өткізді, госпиталь маңын тазартты [8].

Соғысқа дейін әйелдер еңбегі негізінен жеңіл, тігін, тоқыма, тамақ өнеркәсіптерінде қолданылса, соғыс кезінде отаншыл сезімге бөленген әйелдер ауыр өнеркәсіпте де аянбай еңбек етті. Ер адамдар істейтін мамандықты әйелдер еркін меңгеріп жатты. Соның арқасында Қазақстанда халық шаруашылығында жыл сайын әйелдер еңбегінің салмағы өсті. Мысалы, 1942 ж. ол 47,6% құраса, 1940 ж. ауыр өнеркәсіптегі әйелдер істейтін жұмыс 26,3% құраған. 1942 ж. әйелдер авиация өндірісінде 38,3 %, қару-жарақтар өндірісінде — 44,0, әскери жарылғыш заттарды жасауда — 55,8%. Әйелдер колхоздарда және МТС — 75%, совхоздардың жұмысшыларының 60% дейін құрады [7; 102].

Әйелдердің ауыл шаруашылығындағы жұмысының әлеуметтік-экономикалық қана емес, әскери-стратегиялық та маңызы болды. 25–26 маусым 1941 ж. өткен Қазақстан КП(б) ОК V Пленумы өте қысқа мерзімде ауыл шаруашылығы өнімін жинауды, астық үшін науқанды бастауға шақырды. Әйелдер арасынан тез арада механизатор кадрларды түрлі оқулар ұйымдастырып даярлауды, барлық тракторист-әйелдерді есепке алып, өнім жинау ісіне тартуды шақырды. Колхоздағы еңбекке қабілетті адамның өзгерісін төмендегі кестеден байқауға болады.

## Колхоздағы еңбекке қабілетті адамдар көрсеткіші

Еңбекке қабілетті	1940 ж.	1941 ж.	1942 ж.	1943 ж.	1944 ж.	1945 ж.
Ер адамдар	567700	508600	257925	244786	210900	242384
Әйелдер	514200	586700	649082	659350	608000	609952
Жасөспірімдер	230828	Мәлімет жоқ	230509	254889	266077	237200

Демек, соғыс әйелдер мен балалардың колхоздағы қызметін күрт өзгертті.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін бір жылда Түркістан-Сібір және Қарағанды темір жолдарында 22 мың әйел жұмыс істесе, 1943 ж. 35, 7 мың әйел істеген. 1944–1945 жж. Қазақстан темір жолдарында әйелдер көптеп істеді. 1 қыркүйек 1944 ж. Түрксібте 45, 8% құраса, Қарағанды темір жолында – 39,5, ал 1 қаңтар 1945 ж. осыған сәйкес 44,9 және 40,6% құрады. 25 жасқа дейінгі қыз-келіншектердің саны көп болды. Мысалы, 1 тамыз 1943 ж. Түркістан — Сібір темір жолында 63,8% болса, Қарағанды темір жолында 61,7% болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында республиканың халық шаруашылығында еңбек етіп жүрген әйелдер саны ұдайы өсіп отырды. Көптеген әйелдер өздерінің күндік нормаларын 200–300 етіп орындап жүрді. Әйелдердің ішінде өндіріс жанашылдарының саны едәуір артып, 1944 ж. олардың ішінде 194 адам Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Бұлардың ішінде кейін бүкіл Кеңес Одағына аты әйгілі болған Лениногор руднигіндегі станокшы-бұрғышы Антонина Казакова, Соколов руднигінің бұрғышылары Валентина Сланова, Анна Довиченко және басқалар бар еді. Бұлар әйелдердің арасында бірінші рет бір мезгілде телескопты және колонкалы перфоратормен бұрғылаудың жаңа әдісін өндіріске енгізіп, ауысым сайын 10–20 нормадан орындап жүрді. Сол сияқты Майқайың-золоток орталық руднигінде Ольга Фатеева бір перфоратормен бір сменада 13 текше метр орнына 82 метр қазып рекорд жасады. Скважина қазу кезінде ол 648 т руда қазып, сменалық нормасын 1002 % орындады [4; 68]. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен өзінің жан қиярлық еңбегі үшін Антонина Казакова «Еңбек Қызыл Ту», Анна Довиченко мен Ольга Фатеева «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды. Сөйтіп Қазақстан әйелдері тылда көрсеткен жан қиярлық еңбегімен неміс фашистерін жеңуге лайықты үлес қосты.

Қорыта айтқанда, Қазақстан әйелдері соғысқа кеткен ер азаматтардың орнын жоқтатпай, зауыттар мен фабрикаларда, рудниктер мен шахталарда, колхоз, совхоздарда күні-түні жұмыс істеп, жауынгерлерді қамтамасыз етіп отырды. Қазақстанға көшірілген отбасыларына көмектесті, балаларды қанатының астына алды. Ер азаматтары майданға кеткен қазақ ауылдарының жағдайы сүреңсіз болса да, әр отбасының түтіні түтеп жатты. Олардың орнын жоқтатпауға тырысты. Біреуі ерін, біреуі баласын, ағасын, бауырын, апа-қарындасын күтіп, тылда қарттармен бірге қыз-келіншектер білекті сыбанып еңбек етті. Осынау соғыс қазақ қоғамына, қазақ қыздарының болмысына да үлкен әсер етті. Соғыс жылдарында ауыл шаруашылығы да күйреп қалған жоқ, әркім шамасы келгенше үлесін қосты, майданға азық-түлік, киім-кешек жіберіп отырды. Бәрі де майдан үшін қызмет етті. Ел ішінде береке-бірліктің сақталуына, жұмыла еңбек етуде қазақ әйелдерінің ролі үлкен болды.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Жылқышев Қ. Фашизмді жеңудің дүниежүзілік тарихи маңызы // «Қазақстан тарихы» әдіст. журн. — 2005. — № 6. — 3-б.
- 2 Бырбаева Г.Б. Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1996. — 90 с.
- 3 Картыкова С.С. Женщины Казахстана: проблемы историографии (20–80-е годы XX века): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1997. — С. 10.
- 4 Қожабекова А.Д. Кеңес өкіметінің әйелдерді қоғамдық-саяси қызметке тарту тәжірибесі: нақтылы тарихи-зерттеу (Қазақстан мысалында. 1917–1990 жж): Тарих ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2007. — 92 б.
- 5 Боздақтар. Қарағанды облысы. — Алматы: Қазақ энцикл., 1994. — Т. 1. — 17-б.
- 6 Мурманцева В.С. Советские женщины в Великой Отечественной войне. — М.: Знание, 1987. — С. 45.
- 7 Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. — Алматы: Ғылым, 1985. — 320 б.
- 8 Жакупова М.А. Тыловые эвакуационные госпитали Казахстана и Республик Средней Азии (САВО) в годы Великой Отечественной войны (1941–1945). — Астана: Елорда, 2005. — С. 58.

Ж.А.Қарсыбаева

## Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны

Статья посвящена проблеме участия женщин Казахстана в сельском хозяйстве и производстве республики, а также на полях сражений в годы Великой Отечественной войны. Дается обзор некоторых трудов советской и отечественной историографии по данной тематике.

Zh.A.Karsybaeva

## Women of Kazakhstan during the Great Patriotic War

The given article is initiated by the role of women of Kazakhstan in year of Great Patriotic War. It was marked the work of women in agriculture and production of the republic, and also exploit of girls who have fought heroic. Some of works which written in the soviet and national historygraphy are viewed from historygraphical review.

ӘОЖ 94 (574):355.425.4

Ж.А.Қарсыбаева

*Шет тілдер колледжі, Қарағанды*

## Қазақстандықтардың партизандар қозғалысына қатысуы

Мақалада қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарында партизандық қозғалыстарға қатысуы қарастырылған. Партизандық отрядтардың жаудың материалдық-техникалық базасын, адам ресурстарын жоюлары басқыншылармен күресте басты факторлардың біріне айналған. Сонымен қатар осы тақырыпқа байланысты қысқаша тарихнамалық шолу берілген.

*Кілтті сөздер:* ҰОс, партизандар, партизандық отрядтар, партизандық қозғалыстар, жау тылы, фашизм, тарихи әдебиет, тарихнама, хабарламалар, мерзімдік басылым.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде өзінің ішкі, сыртқы саясатында ынтымақтастық, бейбітсүйгіш бағытын ұстанып келеді. Бүгінгі таңдағы әлемнің бірқатар елдерінде саяси, әскери келіспеушіліктер мен қақтығыстардың орын алуы кез келген елде қауіпсіздік, елдің біртұтастығы мәселесін алдыңғы қатарға шығарады. Бұл үшін өскелең ұрпақтың, жалпы ел азаматтарының отан қорғау қабілетін, патриоттық сезімдерін дамыту бүгінгі қоғамның басты міндеті болып табылады.

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 65 жылдығы аталып өткен кезеңде Қазақстан тарих ғылымында соғыс жылдарындағы республика тарихына қатысты мәселелердің зерттелуі маңызды болып отыр. Ұлы Жеңістің кеңес халқына қаншама адам шығынымен, материалдық-техникалық зардаптарымен келгені анық. Күші басым жауға қарсы күрес тек қан майданда ғана емес, сонымен қатар фашистер уақытша басып алған жерлерде де жүргені белгілі. Жау тылындағы партизандардың астыртын қызметі, кеңес әскерімен бірлесе жүргізген әрекеті фашизмді жеңудегі маңызды фактордың бірі болып табылады. Қазақстандық жауынгерлердің партизандар қозғалысына қатысуы мәселесі әлі де талай тың зерттеулерді қажет етеді.

Тақырыптың тарихи әдебиеттерде қарастырылуына, дерек көздеріне тоқталсақ, партизандық қозғалыстың мәнін, рөлін терең бағалау Коммунистік партияның құжаттарында, КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің құжаттары, баяндамаларында берілген. Партизандар туралы Кеңес Ақпараттық Бюросының хабарламаларында, мерзімдік басылымдарда айтылды. Соғыс жылдарының өзінде-ақ кеңестік партизандардың әскери әрекеттеріне қысқаша шолуларды Б. Волин, П.К. Пономаренко, Р. Сидельский жасаған. «Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихы» атты көлемді ғылыми еңбектің алтыншы томында жау тылындағы кеңес халқының ерлігі, коммунистік партияның ұйымдастырушылық рөлі көрсетіледі. Партизандық қозғалыстың маңызды қорытындылары Л.Н. Бычковтың «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандар қозғалысы», «Советские партизаны (из истории партизанского движения в годы Великой Отечественной войны)» атты